ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

31 шілде 2024 жыл іс № 3115-24-00-2/1440 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы А.Абсатова
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Казакстан Респvбликасының Қаржылық мониторинг агенттігі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Сапархан» Сапархан Мақпал Қалдыбайқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Айыппұл сомасын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.Измагамбетова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу негізінде «Казакстан Респvбликасының Қаржылық мониторинг агенттігі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - талап қоюшы)жеке кәсіпкер «Сапархан» Сапархан Мақпал Қалдыбайқызы (бұдан әрі - жауапкер) арасында 4 мамыр 2024 жылы №АФМ-158 жалпы сомасы 790 000 теңге құрайтын келісім-шарт жасалған.

Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес келісім шарттың орындалу мезгілі шарт қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде деп белгіленген, яғни жеткізудің соңғы күні 2024 жылдың 21 мамырына дейін, алайда келісім шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған.

22 мамыр 2024 жылы күні веб-портал арқылы тұрақсыздық айыбы өндірілетіндігі және келісім шарт бұзылатындығы туралы хабарлама жолданып, өнім беруші аталған хабарламамен танысқан.

Талап қоюшы өз талап арызында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда шарт міндеттерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және айыппұл сомасын өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілі А.Измагамбетова талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 05.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 09.09.2024, судья Тажиева Г. М., 09.09.2024
3115-24-3-1/1497

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған, бірақ сотқа белгісіз себептермен келмеді, осыған байланысты сот жауапкердің келмеу себебін дәлелсіз деп танып, істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196 бабының 4 тармағына сай қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамағандықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Сондықтан сот жауапкердің іс әрекетін өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған деп табады.

АҚ-нің 360 бабына сай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Іс материалдарымен анықталғандай, жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, жауапкермен шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындаудың мүмкін еместігі туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады.

Жауапкер міндеттемелерді уақытылы орындамаған, сондықтан талап қоюшының жауапкер жеке кәсіпкер «Сапархан» Сапархан Мақпал Қалдыбайқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293, 298 бабтарына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.3 тармақшасына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіден міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1 пайыз мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 пайыздан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп алуға құқылы.

Талап қоюшының есебіне сәйкес тұрақсыздықтың мөлшері мерзімі өткен күндерге 12 640 теңге құрайды, сот есепті тексеріп, айыппұл сомасы дұрыс есептелген деп санайды.

Істің бұл тұрғысында, сот талап қоюшының айыппұл сомасын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 2 225 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 05.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 09.09.2024, судья Тажиева Г. М., 09.09.2024
3115-24-3-1/1497

Ш Е Ш І М ЕТТІ:

Талап коюшы «Казакстан Респvбликасының Қаржылық мониторинг агенттігі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Сапархан» Сапархан Мақпал Қалдыбайқызы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Сапархан» Сапархан Мақпал Қалдыбайқызы мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Сапархан» Сапархан Мақпал Қалдыбайқызынан мемлекет пайдасына 12 640 (он екі мың алты жүз қырық) теңге айыппұл сомасы өндірілсін

Жеке кәсіпкер «Сапархан» Сапархан Мақпал Қалдыбайқызынан мемлекет пайдасына 2 225 (екі мың екі жүз жиырма бес) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 5 тамыз 2024 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 05.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.09.2024, судья Тажиева Г. М., 09.09.2024

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕЛІК» ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» Сот өндірісі Судопроизводство

3115-24-3-1/1497